«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей
директоры
Дуйсенбаев Б.Ж
_____ 2026 ж

«Келісемін»
директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Алиев А.Д

_____ 2026 ж

«Теңбіл доп» *футбол үйірмесінің жоспары*

Жетекшісі : Жұмабаев Қ

2026-2027 оқу жылы

Футбол ойынының шығу тарихы мен негізгі ережелері

Халықаралық футбол ассоциацияның (IFAB) әр түрлі деңгейде және әр түрлі футболшылар топтары үшін (мысалы, жасөспірімдер үшін, әйелдер үшін, мүмкіншілігі шектелгендер үшін және т.б. үшін) ресми түрінде қабылданған ойын шарттарының 17 нұсқасы бар.

Әр командада максималды 11 ойыншы (қосалқы ойыншыларды санамағанда), оның біреуі - қақпашы. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Қақпашыдан басқа ойыншылар қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді.

Бір ойынның аты - матч, матч екі 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минуттық үзіліс бар.

Ойын мақсаты - команданың допты қарсылас команданың қақпасына салу (гол) және өз қақпасына салғызбау. Матчта көбірек доп салған команда ұтады.

Егер де матчтың нәтижесінде екі команда да бірдей гол салса - тең ойын деп саналады. Бұл жағдайда тағы қосымша уақыт (15 минуттан екі рет) берілуі мүмкін. Егер де қосымша уақыттан кейін тең ойын болса - матчтан кейінгі пенальти жүптары өткізіледі.

Ойын алаңы

Ойын алаңының ұзындығы 100-110 м, ені 64-75 метрлік тіктөртбұрышты алаңда өткізіледі. Биіктігі 2 м 44 см, ұзындығы 7 м 32 см-лік 2 қақпасы бар. Қақпалардың сыртына тор керіледі.


Футбол добы



Футбол добы

Футбол добының салмағы 396-453 г, диаметрі 68-71 см.

Ойын шарттарын бұзу



сары карточка және қызыл карточка

Ойын шарттарын бұзушылықты *фол* деп атайды. Бірінші рет тәртіп бұзған үшін - сары карточка беріледі, ал екінші қайталаған үшін - қызыл карточкамен ойыншыны ойын алаңынан шығарады.

Фол (тәртіпті бұзу)

Ең жиі болатын тәртіп бұзулар:


- Бәсекелесті аяқпен тебу
- Аяқпен қағу
- Бәсекелеске секіру
- Бәсекелеске шабуыл жасау
- Қолмен итеру
- Бәсекелесті ұрып-соғу т.б.
- Қақпашыдан басқа ойыншылардың допты қолмен ойнауы

Тәртіпсіздік

Футболда тәртіпсіздікке:

- төбелес шығару
- түкіру
- балағат сөздер мен қылықтар т.б. жатады

Тарихы



Англия мен Шотландия арасындағы матч, 1872 жыл

Футбол тарихы XII ғасырдан басталады. Алғаш рет Англияда дамыды. Саяхатшы Гастон де Фуа өз заманында футболды бар ынтасымен

бақылап, *«Ағылшындар футболды ойын деп есептесе, онда төбелесті не дейді?»* деп жазып кеткен екен. Футболға қарсылық көрсеткендер болды. Мысалы, шіркеудегі діндарлар, феодалдар футболға тыйым салынуын талап еткен екен. Өйткені, бүгінгі күнге дейін футбол өте қауіпті ойын саналып келеді.

- 1313 жылы белгілі феодал Эдуард II қала ішінде футбол ойнауға шектеу қойған. Тіпті, 1314 жылдың 13 ақпанында король Лондон қаласында футболға қарсы шаралар қолданған деседі.
- 1389 жылы Ричард II патша сарайы маңында доп тепкендерді өлім жазасына кескен. Патшаға бірнеше мәрте рұқсат сұрап барған футбол жанкүйерлері әрқашан жағымсыз жауап алып отырған.
- Футболға тыйым салған патшалар тізімі төмендегідей: Генрих IV 1399-1401, Генрих, V 1413 - 1433 ж, Генрих VI 1449-1451 ж, Эдуард IV 1471 ж, Генрих VII 1491 ж, ал Генрих VIII ойыншыларға шектеу қойып қана қоймай, алаң иелеріне тыйым салып, салық салған. Бұндай қатаң қағидаларға мойымаған халық футбол ойнаудан бас тартқан жоқ.
- Тек 1908 жылы футбол олимпиадалық ойындар тізімінен орын алды.
- Ал, 1863 жылы Лондонда футболдың жаңа шарттары белгіленді. Жобаға енгізілген ережелерді арнайы комиссия жіті қараған.
- 1872 жылдан бастап футболдан халықаралық кездесулер өткізілді. Доданы Англия мен Шотландия футболшылар ашты.
- Ойынды бар ынтасымен тамашалаған жанкүйерлер үшін ойын сәтсіз аяқталды. Өйткені, алғашқы кездесуде есеп ашылған жоқ.
- 1884 жылы Ұлыбританияда алғашқы ресми кездесу өтті. Жарысқа Англия, Шотландия, Уэльс және Ирландия командалары қатысып, бақ сынасты. Ойын жеңімпазы - шотландықтар болды.
- 1920 жылы еуропалық футбол бәсекесінде Бельгия мен Чехословакия кездесті. Онда чех футболшыларын ойсырата жеңген бельгиялықтар олимпиада чемпионы болып танылды.
- Ал 1924 жылы Оңтүстік Америкада ашылған олимпиадада алтынды Уругвай құрамасы ұтты. Олар Югославия, американ, француз, голланд пен Швейцария ойыншыларын қапы қалдырды. Ағылшындардан футболды үйренген Уругвай футболшылары әлдеқайда ширақ еді.
- Италия мен Испания, Мажарстан, Аустрия, Чехословакия да футболдың қыр-сырларын тең меңгере білді. Бұны 1934-38 жылдары Италия құрамасының екі рет әлем чемпионаты атанғаны дәлелдейді.
- Ежелгі Шығыс елдерінде (антикалық дәуірде Мысыр, Қытай,) (Грекия, Рим), тіпті Франция, Италия, Англияда футболға ұқсас ойын болған.
- Ежелгі Мысырдағы футбол тектес ойын біздің эрамызға дейін 1900 жылы танылған.
- 19 ғасырдың аяғында футбол Еуропа мен Латын Америкасында қарқынды дамыды.

- 1904 жылы Белгия, Дания, Нидерланд мен Швейцария елдері футбол қауымдастығынан халықаралық федерацияның (FIFA) құрылуына мұрындық болды.
- 1946-48 жылдары Оңтүстік Америка үш рет қатарынан аргентиналықтардан басым түсті.
- 1950-60 жылдары футболдан үздік мектептер саналғандар мыналар еді: Лев Яшин мен Игорь Нетто, Альфредо ди Стефано мен Франсиско Хенто, Раймон Копа мен Жюст Фонтэн, Полеи Диди, Гарринча және Жильмар, Драгослав Шекуларац пен Драган Джаич, Иозеф Масопуст пен Ян Поплухар, Бобби Мур мен Бобби Чарльтон, Герд Мюллер, Уве Зеелер мен Франц Беккенбауэр, Ференц Вене мен Флориан Альберт, Джачинто Факкеттии, Джанни Ривера, Жаирзиньо және Карлос Альберте.
- 1956 жылы Кеңес Одағының футболшылары алғаш рет олимпиада чемпионы атанды. Төрт жылдан кейін олар Еуропа кубогының жеңімпазы танылды.

Футболдың таралу тарихы

Футболдың алғаш 1863 ж. Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, тұңғыш қауымдастық құрылды. Сондықтан Англия аталмыш спорт түрінің отаны болып есептеледі. Бірақ Футболға ұқсас аяқдоп ойынының түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде, ал онан кейінірек Франция мен Италияда дамыған. Кейін бұл спорт түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті.

19-ғасырдың соңына қарай футбол Еуропа мен Латын Америкасы елдеріне кеңінен тарай бастады. 1904 жылы халықаралық футбол федерациясы (FIFA), 1954 жылы Еуропа футбол қауымдастықтары одағы (УЕФА) құрылды. 1900 жылдан бастап олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1930 жылдан бастап төрт жылда бір рет әлем чемпионаты және 1958 жылдан бастап Еуропа кубогы үшін жарыстар өткізіліп тұрады.

Футбол ойынының қауіпсіздік ережелері:

- Ойын барысында даурығып айқайлауға болмайды, бірақ ойыншы әріптесіне белгі беруге болады.

- Ойынға төрешілік етушінің ескертпесін ойыншылар мүлтіксіз орындауға тиісті.

- Допты алып бара жатқан қарсыласты қуып жеткен жағдайда, оның аяғын емес, допты тебу арқылы тартып алуға болады.

- Төрешінің берген белгісін естіген сәтте ойынды тоқтату керек.

- Жүгіріп бара жатқан қарсыласты артынан келіп итеріп жіберуге, шалуға болмайды.

- Допқа таласқанда, қарсылас ойыншыны итеруге болмайды.

- Қандай жағдайда болмасын, қақпашыға тиісуге болмайды. Дөрекілік жсау футболшыға жат құбылыс.

- Ауа райына қарай ойынға киетін спорт киімдері өзгереді

Футбол үйірмесінің жоспары

	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1	ҚР футболдыңдамуы	3 сағат	
2	Футболдың шығу тарихы	3 сағат	
3	Футбол ойынына қойылатын гигиеналық талаптар	3 сағат	
4	Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау	3 сағат	
5	Ойынның негізгі ережелері	3 сағат	
6	Ойыншының тұрысы	3 сағат	
7	Аландабір-біріне пас берілойнау	3 сағат	
8	Аланда кедергілер арасымен допты алып жүру	3 сағат	
9	Ауыттан допты тастап үйрену	3 сағат	
10	Айып добын тебуді үйрену	3 сағат	
11	Доппен алдап өту тәсілдері	3 сағат	
12	Допты тоқтату тәсілдері	3 сағат	
13	Аяқ ұшымен тебу	3 сағат	
14	Өкшемен тебу	3 сағат	
15	Допты баспен ұру түрлері	3 сағат	
16	Шекемен ұру	3 сағат	
17	Секіріп шекемен ұру	3 сағат	
18	Баспен ұру	3 сағат	
19	Допты қақпаға дұрыс бағыттау	3 сағат	
20	Допты тартып алу тәсілдері	3 сағат	
21	Допты тоқтату тәсілдері	3 сағат	
22	Допты алып жүру тәсілдері	3 сағат	
23	Қақпашының ойыны	3 сағат	
24	Доптықағыпалу	3 сағат	
25	Допты ұрып жіберу	3 сағат	
26	Допты бағаннан асырып жіберу	3 сағат	
27	Қорғаушылардың міндеті	3 сағат	
28	Қорғаушының жеке әрекеті	3 сағат	
29	Шабулшының міндеті	3 сағат	
30	Топ – топ болып шабуылға шығу	3 сағат	
31	Командалық әрекет	3 сағат	
32	Жеке әрекет	3 сағат	
33	Айып добын дұрыс орындау	3 сағат	
34	Қақпашының допты ойынға қосуы	3 сағат	

р/с	Аты-жөні	сыныбы
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
8		
9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		
16		
17		
18		
19		
20		

2026-2027 оқу жылында

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде мектепішілік футбол үйірмесіне қатысушылар тізімі

№	Аты-жөні	Тегін қамтылған спорттық үйірме түрі	Телефон номері (баланың немесе ата-ананың)
1	**Жарқынбек А.**	Футбол	
2	**Сапарбай А.**	Футбол	
3	**Али Мадижан**	Футбол	
4	**Бақтыбай Ә.**	Футбол	
5	**Кәкім И.**	Футбол	
6	**Сейітжан Д.**	Футбол	
7	**Неметиллаев Р.**	Футбол	
8	**Арманұлы Т.**	Футбол	
9	**Жүзжасаров Д.**	Футбол	
10	**Төреханов Р.**	Футбол	
11	**Самұратұлы Ө.**	Футбол	
12	**Азиз А.**	Футбол	

Үйірме жетекшісі: Жұмабаев Қ.